

Ленин жолы

ҚН(Б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚН(Б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№154 (8014) Сейсенбі 7 август 1945 жыл

Шығуы 27-жыл
Жаңа саны 20-тұйым

ҮШ МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРЛИНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ БІЛДІР

I.

1945 жылғы 17 июльде Америка Құрама Штаттарының президенті Гарри С. Трумэн, Советтік Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлары Советінің Председатели Генералиссимус И. В. Сталин және Ұлы Британияның Бас Министрі Уинстон С. Черчилль, Климент Р. Эттли мырзамен бірге үш Мемлекеттің Берлиндегі конференциясында бас қосты. Олармен бірге үш Үкіметтің Сыртқы Істер Министрлері В. М. Молотов, Д. Ф. Бирнс мырза, А. Иден мырза, штабтардың бастықтары және басқа кеңесшілер болды.

Июльдың 17нен 25-ке дейінгі уақыттың ішінде тоғыз мәжіліс өткізілді. Мұнан кейін конференция екі күнге, Англиядағы жалпы сайлау нәтижелері жарияланған уақытқа тоқталды.

28 июльде Эттли мырза конференцияға Бас Министр есебінде, жаңа Сыртқы Істер Министрі Э. Бевин мырзамен бірге қайтып келді. Тағы да төрт мәжіліс өткізілді. Конференция кезінде үш Үкіметтің басшылары, Сыртқы Істер Министрлерімен бірге, өзара үнемі кездесіп отырды және Сыртқы Істер Министрлерінің мәслихаттары өткізіліп тұрды.

Мәселелерді алдын-ала даярлау үшін Сыртқы Істер Министрлерінің мәслихаты тағайындаған комиссиялар да күн сайын мәжіліс өткізіп отырды. Конференцияның мәжілістері Потсдам маңындағы Сесилиан Хофте өткізілді.

Конференция 1945 жылғы 2 августа аяқталды.

Маңызды қарарлар мен келісімдер қабылданды. Басқа бірсыпыра мәселелер жөнінде пікір алысылды. Бұл мәселелер, осы конференцияда құрылған Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесінде мұнан әрі қарала бермек.

Үш Үкімет арасындағы байланысты нығайтқан және олардың өзара ынтымағы мен ұғынысуының өрісін кеңейткен бұл конференциядан қайтқанда Президент Трумэн, Генералиссимус Сталин және Бас Министр Эттли өздерінің Үкіметтері мен халықтары басқа Біріккен Ұлттармен бірге әділетті және баянды бейбітшілікті орнатылуын қамтамасыз ететіндігіне жаңа сеніммен қайтады.

II.

Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін құру

А) Кеңеске қатысушы Үкіметтер арасында жасалған келісім бойынша оқтын-оқтын Кеңестің қарауына беріліп тұратын басқа мәселелерді бейбітшілікпен жайлы жастыруға тиісті даярлық жұмысын жүргізу және бұл мәселелерді талқылау үшін, конференция негізгі бес мемлекет қатысатын Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін құру туралы келісім жасады.

Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін құру туралы келісім сөзі мынадай:

Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі Америка Құрама Штаттарының, Англия, Франция, Советтік Социалистік Республикалар Одағының,

біт халықтары арасынан оның орын алуына мүмкін болады.

Бұл келісімнің өзін мынадай:

БАҚЫЛАУДЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗІНДЕ ГЕРМАНИЯҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН ХАЖЕТТІ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР.

A. САЯСИ ПРИНЦИПТЕР

1. Германиядағы Бақылау механизмі жөніндегі келісімге сәйкес, Германияда жоғарғы өкімет билігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Біріккен Корольдіктің және Француз Республикасының қарулы күштерінің бас қолбасшысының қолында болады. Бұл билікті олар әрқайсысы өзінің оккупациялаған аймағында өзінің тиісті үкіметтерінің нұсқауы бойынша, сол сыяқты бүкіл Германияға қатысы бар мәселелер жөнінде Бақылау Кеңесінің мүшелері ретінде бірлесіп іске асырып отырады.

2. Іс жөніндегі мүмкіншіліктен жағдайға қарай бүкіл Германияда неміс халқы жөнінде бірдей тәртіп қолданылуға тиіс.

3. Германияны оккупациялаудағы мақсат, Бақылау Кеңесінде жетекші болуға тиісті мақсат мыналар:

1. Германияны толық қарусыздандыру, құралсыздандыру, соғыс өндірісіне пайдалануға болатын бүкіл Германияның өнеркәсібінің жою немесе оны бақылауға алу. Осы мақсатта мынадай шаралар іске асырылады:

а) Германияның бүкіл құрғақтағы, теңіздегі және әуедегі қарулы күштері, СС, СА, СД және гестапо, олардың ұйымдары, штабтары мен мекемелері, оның ішінде бас штаб, офицер корпусы, резервтіктер корпусы, соғыс училищелері, соғыста болғандардың ұйымдары және басқа да әскери және жартылай әскери ұйымдар, олардың Германиядағы соғыс дәстүрін көрсетуге қызмет еткен клубтары, бірлестіктері түгелімен және бірқолата жойылады, сөйтіп Германияның милитаризмі, нацизмі қайта өркендеуіне немесе қайта құрылуына маңгілікке жол берілмейді;

в) Барлық қару-жарақ, соғыс жабдығы мен құралдарының бәрі, оларды өндіруге арналған құралдардың бәрі одақтастардың қарамағында болуға немесе жойылуға тиіс. Самолеттің барлық түрін және соғыс қаруының, жабдығының және құралының барлық түрін пайдалану, өндіру ісіне тыйым салынады.

11. Соғыс жағынан тұралап жаппай иексізденген, соғысты өздері рахымсыз жүргізгендіктен және нацистердің маңғыссыз қарсып қарсыласқандығынан Германияның экономикасын бүлдіріп, бағалы жөк былыққа айналдырып жібергендігіне өздерінің сөзсіз жауапты екендігіне және сөзсіз ауыртпалық келетіндігіне неміс халқының көзі жеткізіледі.

III. Национал-социалист партиясы, оның бөлімшелері, оған қарасты ұйымдап жойылады, нацистік мекемелердің бәрі таратылады, олардың ешбір түрде

Үш Мемлекеттің Берлиндегі конференцияның жұмысы, оның қабылдаған қарарлары, оң жасалған келісім герман империализміне қар күресте қол жеткен тарихи жеңісімізді баян етіп, баянды және әділетті бейбітшілік орнау қамтамасыз ету ісіне бағыттталып отыр.

сіп орындарын өркендеткенде баса көңіл бөлінуі тиіс.

14. Германияны оккупациялау мерзімі шаруашылық жағынан біртұтас қолданылатын кезең деп танылуға тиіс. Осы мақсатқа төмендегі мәселелердегі жалпы саясат белгіленуге тиіс:

а) тау-кен өнімдерін және өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін шығару, бөлу жөнінде;

в) ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау жөнінде;

с) еңбек ақы, баға және ықшамдау жөнінде;

д) бүкіл Германияға товар келтіру және онан товар шығару жөнінде;

е) ақша және банк системасы;

ф) соғыс шығынын төлеттіру және соғыс өнеркәсібінің қуатын бөлу жөнінде;

г) транспорт және қатынас жолдары жөнінде;

Осы саясатты іске асырғанда хажеттілігіне қарай жөргілікті әртүрлі деңгейде алынып отырылуы тиіс.

15. Германияның экономикасына одақтастардың бақылауы орындалуға тиіс. Бірақ бұл бақылау:

а) индустриялық жағынан құралсыздандыру, шығару жөнінде реттелген программаны орындауға қажет жерде;

в) товар шығаруды қамтамасыз ету және оккупация әскерінің ішкі қажеттеріне адамдардың көрегін өтеуді, Германияда тіршілік дәрежесінің орта мөлшерінен артық болмайтын ұстауға қажетті мұқтажды өтеуді қамтамасыз етерлік мөлшерде (Европа орта мөлшеріне) Біріккен Корольдік пен Советтер Одағынан басқа елдердің бәріне қатысты;

с) бүкіл Германияда экономикадағы бір қалыпты жағдайға түсіріп, товар келтіру қажетін азайту үшін, түрлі аймақтарға негізгі товарларды, Бақылау Кеңесі белгілеген тәртіппен сәйкес бөліп отыруды қамтамасыз ететін мөлшерде;

д) Германияның өнеркәсібіне және халықаралық жағдайда жасалатын экономикалық және финанш шараларына, оның ішінде товарды шығару және сырттан келтіру істеріне бақылау жүргізуге, сөйтіп Германияның қуатының өсіп кетуіне жол бермеуге, осында көрсетілген мөлшерде орындалғанда қажетті мөлшерде;

е) Германияның барлық қоғамдық немесе жеке орындарға қарасты зерттеу, тәжірибе мекемелеріне, лабораторияларына экономика жұмысына қатысты басқа да орындарына бақылау жүргізуге қажетті мөлшерде қатысуға;

16. Бақылау Кеңесі белгілеген экономикалық бақылау жұмысын

в) Кеңестің алғашқы мәжілісі 1945 жылы 1 сәуірінде өткізіледі. Кеңестің мәжілістері жалпы келісім бойынша, басқа астаналарда да өткізілуі мүмкін, бұл туралы оқтын-оқтын келісім жасалып тұрады.

3. а) Кеңестің шұғыл және маңызды міндеттерінде, оған Бірінкен Ұлттардың қарауына беруге арнап, Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндия үшін бітім шарттарын жасау және Европада соғыстың аяқталуынан туатын жер жөніндегі шешілмеген мәселелерді жайғастыру ұсыныстарын белгілеу жүктеледі. Кеңес Германия жөніндегі мәселені бейбітшілікпен жайғастыруға даярлық жүргізеді, осы мақсатқа жауап берерлік Германия үкіметі құрылған кезде, Кеңес даярлаған документ қабылдануға тиіс.

в) Бұл міндеттердің әрқайсысын орындау үшін Кеңес бұл міндетке қатысы бар жау мемлекетке тізе бүктіру шарттарына қол қойған мемлекеттердің өкілдері болып есептелетін мүшелерден құрылады. Италиямен екі араны бейбітшілікпен жайғастыру мәселелерін қарағанда Франция, Италияға тізе бүктіру шарттарына қол қойған мемлекет болып есептеледі. Басқа мүшелер өздеріне тікелей қатысы бар мәселелер қаралған кезде ғана Кеңеске шақырылады.

с) Басқа істер Кеңестің қарауына, оның мүшелігіндегі Үкіметтердің өзара келісуі бойынша уақыт-уақыт беріліп отырады.

4. а) Кеңес, оның мүшелігінде мемлекеттің тікелей қатысы бар мәселені қарағанда ол мемлекеттен, бұл мәселені талқылауға және зерттеуге қатысу үшін өкілдер шақырылады.

в) Кеңес өзінің жұмыс тәртібін сол қаралатын мәселенің сипатына бейімдей алады. Кейбір реттерде ол мәселені мүдделері бар басқа мемлекеттерді қатыстырғанға дейін, алдын-ала өзінің мәжілісінде қарай алады. Басқа реттерде Кеңес белгілі бір мәселенің шешілуіне неғұрлым көбірек мүддесі бар мемлекеттердің ресми конференциясын шақыра алады.

в) Конференцияның қарарына сәйкес үш Үкіметтің әрқайсысы Қытай мен Франция Үкіметтеріне осы келісімді қабылдап, Кеңес құруға қосылуды ұсынып, мазмұнды шақырулар жіберді.

С. Бұл келісімде көрсетілген арнаулы мақсаттар үшін Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін құру, Америка Құрама Штаттары, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Бірінкен Корольдік Сыртқы Істер Министрлерінің оқтын-оқтын кеңесіп отыруы туралы Қырым конференциясында жасалған келісімге қайшы келмейді.

Д. Конференция Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін құру туралы келісімнің тұрғысынан Европалық Кеңес Комиссиясының жайы туралы мәселені де қарады. Комиссияның Германияға сөзсіз тізе бүктіру, Германия мен Австриядағы одақтастар әскерлері тұратын аймақтарды белгілеу және бұл елдердегі одақтастар аралық бақылау механизмі жөнінде ұсыныстар тапсырып, өзінің негізгі міндеттерін ойдағыдай орындағаны қанағаттанғандықпен атап көрсетілді. Одақтастардың Германия мен Австрияны бақылау саясатын бір ізбен жүргізу жөніндегі бұдан кейінгі егжей-тегжейлі жұмыстары нелешекте Берлиндегі Бақылау Кеңесінің және Венадағы Одақтастар Комиссиясының қарамағында болуға тиіс деп белгіленді. Бұған сәйкес, Европалық Кеңес Комиссиясын тарату ұсынылады.

III.

Германия туралы

Одақтастар армиялары бүкіл Германияны оккупациялауды жүзеге асыруда, және табысқа жеткен кезде өздері ашықтан-ашық мақұлдап, соқыр сезіммен риза болған адамдардың басшылығымен істелген жантүршігерлік қылмыстардағы өздерінің кінәсін герман халқы жуа бастады.

Жеңілген Германия жөнінде Одақтастардың бақылау жасауы кезінде Одақтастардың бір ізбен жүргізілетін саясатының саяси және экономикалық принциптері туралы конференцияда келісім жасалды.

Бұл келісімнің мақсаты Германия туралы Қырым Декларациясын орындау белып саналады. Герман милитаризмі мен нацизмі жойылады, сөйтіп, Одақтастар бір-бірімен келісе отырып, Германияның өз көршілеріне және бүкіл дүние жүзін де бейбітшілік сақталуына енді ешқашанда қауіп туғызбауы үшін қажетті шараларды қазір және болашақта да қолданады.

Одақтастар неміс халқын жоюды немесе оны құлдыққа салуды көздемейді. Одақтастар неміс халқына бұдан былай өзінің өмірін демократиялық және бейбітшілік негізде қайта құру ісін жүзеге асыру үшін әзірленуге мүмкіншілік беру ниетін көздейді. Егер герман халқының өз күші осы мақсатқа жетуге жеткіліксіз жұмсалатын болса, онда бір кезде дүние жүзінің бостандық сүйгіш бей-

лаудың ешбір түріне жол берілмейді.

5. Соғыс қылмыстылары және аярандық істеуге немесе соғыстың қылмыс істеуге апарып соғатын және апарып соққан нацистік шараларды жоспарлауға немесе іске асыруға қатысқан адамдар тұтқынға алынып, сотталуға тиіс. Нацистердің басшылары, нацистерді жақтаушы беделді адамдар, нацистік мекемелер мен ұйымдардың басшылығында болғандар, оккупация ісіне және оның мақсатына қауіпті деп танылған басқа адамдардың қандайы болса да тұтқынға алынып, тектам салынуға тиіс.

6. Нацистік партияның барлық мүшелері және оның ісіне қатысқан сол сыяқты, одақтастардың мақсатына жат басқа да адамдардың бәрі қоғамдық немесе жартылай қоғамдық қызметтен, бұған сәйкес келетін және меншіктегі маңызды кәсіп орындағы қызметтен қуылуға тиіс. Мұндай адамдардың орнына саяси және моральдық қасиеті жағынан Германияда шын мәнісінде демократияшыл мекемелерді өркендетуге көмектесу қолынан келеді деп саналған адамдар қойылуға тиіс.

7. Германияда оқу-ағарту ісі бақылауда болуға тиіс, сөйтіп нацистік және соғыс құмарлық ережелердің бәрі толық жойылуға, демократияшыл идеялардың жаңсы өркендеуіне мүмкіндік жасалуға тиіс.

8. Сот системасы демократия, әділ сот принциптеріне сәйкес, заң және барлық азаматтардың тең правосылығы негізінде, олардың нәсіліне, ұлтына және дініне қарамастан қайтадан құрылады.

9. Германияда басқару жұмысы саяси құрлыс бір орталыққа қарамайтын ету бағытында және жергілікті жерлерде жауаптылық сезімін күшейту бағытында жүргізілуіне тиіс. Осы мақсатта мынадай шаралар іске асырылады:

1. Жергілікті жердің өзін өзі басқаратын орындары Германияда демократиялық негізде қайтадан қалпына келтіріледі. Бұл жұмыс атап айтқанда соғыс қауіпсіздігін және соғыстың оккупацияның мақсатын сақтауға мүмкіндігіне қарай неғұрлым тезірек сайлаушы кеңестер арқылы жүргізіледі.

II. Бүкіл Германияда демократияшыл саяси партиялардың бөрінің өмір сүруіне рұқсат етіліп, олардың ісін ер ниеттес болып отыру керек. оларға жыйылыстар, мәселені жұртшылық алдында талқылау сыяқты жұмыстар өткізуіне еркін беріледі.

III. Өкіл жіберу, сайлау аудандарда, провинциялық басқармалары мен жер басқармаларында жергілікті басқармаларда аталған тәртіпті қолданудың қажеттілігі нәтижелі болып шыққанына қарай қажеттілік тез қолданылуы тиіс.

IV. Әзірше Германияның ешбір орталық үкіметі құрылмайды. Бірақ, бұған қарамастан, Германияның өте маңызды кейбір орталық әкімшілік департаменттері құрылады. Оларды, атап айтқанда финансы, транспорт, қатынас жолдары, сыртқы сауда және өнеркәсіп салаларын мемлекеттік секретарьлар басқарады. Бұл департаменттер жұмысты Бақылау Кеңесінің басшылығымен істейді.

10. Соғыс қауіпсіздігін сақтау қажеттігі ескеріле отырып, сөз, баспасөз және дің бостандығына рұқсат етіледі, дін мекемелеріне құрмет көрсетіледі. Еркінті кәсіпшілер одақтарын ұйымдастыруға рұқсат етіледі, мұнда да соғыс қауіпсіздігін сақтау ескеріледі.

В. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР

11. Германияның соғыс қуатын жою мақсатында қару, соғыс жабдығын, соғыс жарағын шығаруға, сол сыяқты самолеттердің, теңіз кемелерінің барлық түрін шығаруға тыйым салынып, бұған жол берілмеуге тиіс. Тікелей соғыс экономикасына қажетті металдар, химиялық заттар шығару, машина жасау, тағы басқа бұйымдарды шығару ісі қатаң бақыланып, Германияның соғыстан кейінгі бейбітшілік жағдайында болуға тиісті ережесіне сәйкес, 15-пунктте баяндалған мақсаттарды іске асыруға жетерлік мөлшерде ғана шығару үшін шек қойылуға тиіс. Рұқсат етілетін өнеркәсіпке керексіз өндіріс құралы алынуға тиіс. Бұл құралдар соғыс шығынын төлеттіру жөніндегі Одақтастар аралық Комиссия ұсынған және тиісті Үкіметтер бекіткен шығын төлету жоспарына сәйкес алынады, ал егер алынбаса онда жойылады.

12. Талау уақыттың ішінде Германияның экономикасы бір орталыққа қарамайтын етілуіне тиіс. Бұл қазіргі шаруашылық күштердің шектен тыс бірігуін жою мақсатында істеледі. Олар әсіресе картельдер, синдикаттар, трестер, тағы басқа монополиялық келісімдер түрінде бірігіп отыр.

13. Германияның экономикасын ұйымдастырғанда ауыл шаруашылығы мен бейбіт өнеркәсіпті өркендетуге ішкі тұтыну көлеміне қажетті бейбітшілік өнеркә-

а) транспорт жөндеу ісін жүргізу жөнінде;
в) көмір шығаруды күшейту жөнінде;
с) ауыл шаруашылық өнімін барынша көп өндіру жөнінде;
д) тұрғын үйлерді және негізгі коммуналдық кәсіп орындарын жөндеу жөнінде;

18. Бақылау Кеңесі Германияның әлі де болса шет елде қалып қан, Германияға қарсы соғысқа қатысқан Бірінкен Ұлттардың бақы түспеген қорларын бақылауды іске асыру және оны басқару жөнінде шаралар қолдану керек.

19. Соғыс шығынын төлегеннен кейін герман халқының қолында көмексіз өмір сүруге қажетті мөлшерде қор қалдырылуға тиіс. Ғи шаруашылық жоспарын жасағанда Германиядағы Бақылау Кеңесі үш шет елден товар әкелуге қажетті құралдар бөлінуіне тиіс. Пайдала рістен солардан шығарылған өнімнен және товар қорынан түскен ақш мен сондай товарлар жөнінде сырттан келтірілген товарларға төлене

Мұнда көрсетілген шарттар Германияның соғыс шығынын төле келісімінің 4 «А» және 4 «В» пункттерінде аталған жабдықтар мен қолданылмайды.

IV.

Германияға соғыс шығынын төлетті

Германияның Бірінкен Ұлттарға келтірген зияны мен көрсеткен ессін Германияға неғұрлым толық төлеттіру туралы және бұған ге ның жауапты болудан құтыла алмайтындығы туралы Қырым конфер қарарына сәйкес, соғыс шығынын төлеттіру туралы мынадай келісім

1. ССРО талап еткен соғыс шығынын Германияның ССРО әскері ғынан және Германияның шетелдердегі тиісті мүлкінен төлетіледі.

2. ССРО Польшаның соғыс шығыны жөніндегі талабын соғыс өзіне тиген үлесінен қанағаттандырады.

3. Құрама Штаттардың, Бірінкен Корольдіктің және соғыс ш леттіруге правосы бар басқа елдердің соғыс шығыны жөніндегі тала аймақтардан және Германияның шет елдердегі тиісті мүлкінен төле

4. Советтер Одағының өз әскері тұратын аймақтан алатын соғ толықтыру ретінде ССРО батыс аймақтардан мынадай қосымша шы

а) Германияның бейбіт шаруашылығына қажет болмайтын, жарайтын және комплектілі өнеркәсіптің, ең алдымен металлургия, машина жасау өнеркәсібі құралының 15 процентін тиісті бағасымен, көмір-пөташқа қолаға, ағаш заттарға, балшықтан жасалған мұнай заттарына және басқа материалдарға келісу бойынша айырб нияның батыс аймақтарынан алады.

в) Германияның бейбіт шаруашылығына қажет болмайтын өне делі жабдықтарының 10 проценті ақысыз немесе қандай түрмен төленіп, соғыс шығыны есебіне совет үкіметіне тапсыру үшін баты дан алынады.

«а» және «б» параграфтарында көрсетілген жабдықтар бірге

5. Соғыс шығыны есебіне батыс аймақтардан алынатын жабд ны қазірден бастап әрі кеткенде 6 айдың ішінде белгілену керек.

6. Өнеркәсіптің күрделі жабдығын алу мүмкіндігінше тез ба раграфта көрсетілген қарардан кейін 2 жылдың ішінде аяқталу ке раграфында көрсетілген өнімдерді тапсыруды Советтер Одағы і тез бастап, шартта белгіленгендегідей бөліп-бөліп, қазірден бастап ішінде тапсырып болады. Германияның бейбіт шаруашылығына тын сәуідықтан соғыс шығыны есебіне алынатын күрделі өнерк ның саны және түрі туралы қарарды, Францияның қатысуымен соғыс шығынын төлеттіру комиссиясы қабылдаған саясат бойынша несі шығарады, бұл жөніндегі түпкілікті қарарды сол жабдықтар а мақтың қолбасшысы шығарады.

7. Алынатын жабдықтардың жалпы саны белгіленгенге дей соңғы сөйлемінде көрсетілген тәртіп бойынша соғыс шығыны есебі тиіс деп таныған жабдықтар алдын-ала тапсырыла береді.

(Жалғасы 2-бетте).

Ш МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРЛИНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ БІЛДІРУ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Совет Үкіметі соғыс шығынын төлеттіру ретінде Германияның батыс аймағындағы кәсіп орындарының акцияларын, сол сыяқты 9-буында көрсетілген басқа барлық елдердегі Германияның шет елдік мүлкін талап етпей

АҚШ және Біріннен Корольдік Үкіметтері соғыс шығынын төлеттіру ретінде Германияның шығыс аймағындағы кәсіп орындарының акцияларын, сол Германияның Болгариядағы, Финляндиядағы, Венгриядағы, Румыниядағы шығыс Австриядағы шет елдік мүлкін талап етпейді.

Совет Үкіметі Германияда одақтастар әскері қолға түсірген алтыны және жалайқы қоймайды.

V.

Германияның флоты мен сауда кемелері

Германияның қолға берілген флотын және сауда кемелерін пайдалану және ішкі ету шаралары жөнінде конференция негізінде келісімге келді. Үш-Үкірдің сарапшыларын белгілейді, олар бірігіп, келісілген принциптерді жүрудың өтпей-тегіейлі жоспарларын жасайды. Мұнан кейін үш Үкімет бір кезде тиісті мәлімдеме жариялайды.

VI.

Гесберг қаласы және оның іргесіндегі аудан

Германия Совет Үкіметінің бейбітшілік орнатуда жер жөніндегі мәселелер елшісіне дейін Советтер Одағының Балтық теңізіне іргелес батыс арасы Данциг қолтығының шығыс жағалауындағы пункттен Брауншвейгтың солтүстік жағынан шығысқа қарай тартып, Литваның, Польшаның және шығыс Пруссияның шекарасына дейін жеткізу туралы шешімін қарайды.

Гесберг қаласын және оның іргесіндегі ауданды жоғарыда көрсетілген Советтер Одағына тапсыру туралы Совет Үкіметінің ұсынысын конференция қарастырады. Бірақ дәлме-дәл шекараны сарапшылар зерттеуге тиіс. Президенті және Ұлы Британия Бас Министрі алдағы бітім сөздерінде қарастыратын бұл ұсынысын қолдайтындықтарын білдірді.

VII.

Соғыс қылмысшылары туралы

3 жылғы октябрьдегі Москва Декларациясы бойынша, қылмыстары белгілі және жағрафиялық орында белгілі бір жерде істелмеген басты-басты соғыс қылмысшыларын барін соттау жолдары туралы келісімге келу мақсатымен таларда Лондонда британия, америка, совет және француз өкілдері өз екенін үш Үкімет атап көрсетеді. Үш үкімет өздерінің сол қылмысшыларға қатысты сотқа тарту ниеттерін ыспаттады. Олар Лондондағы келісімшартында бұл мақсатпен тез арада келісім жасалуына сенеді және бұл қылмысшыларға сотты мүмкіндігінше тез бастау орасан зор маңызды іс болып табылады. Айыпкерлердің бірінші тізімі былайғы 1 септябрьге дейін жария-

VIII.

Австрия туралы

Франция Австрияның Уақытша Үкіметінің қарайтын мәселелерінің ертілуі туралы Совет Үкіметінің ұсынысын зерттеді. Үкімет британия мен америка әскерлері Вена қаласына кіргеннен кейін келісіміне зерттеуге даяр екенін білдірді.

IV.

өзі фашистік тәртіптен құтылып, демократиялық басқару мен мекемелерін қалпына келтіру бағытында көп алға басты. Италияның мұндай танылған демократиялық үкіметімен бітім шартын жасау үш Үкіметтің өздерінің тілегі бойынша, Италияның Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне алу туралы өтінішін орын дауға мүмкіншілік туғызады.

Үш Үкімет Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесіне Болгария, Финляндия, Венгрия және Румыния үшін бітім шарттарын дайындау міндетін жүктейді. Бұл мемлекеттердегі танылған демократиялық үкіметтермен бітім шарттарын жасау үш Үкіметтің олардың Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелігіне алынуы туралы өтінішін қолдауына мүмкіншілік туғызады. Үш Үкіметтің әрқайсысы Финляндия мен, Румыниямен, Болгариямен және Венгриямен бітім шарттарын жасағанға дейін олармен мүмкін болған дәрежеде елшілік қатынас орнату мәселесін таяудағы уақыттың ішінде, бұл кездегі жағдай тұрғысынан қарап зерттеуге ризалық білдіреді.

Үш Үкімет, Европадағы соғыстың аяқталуы нәтижесінде жағдайдың өзгеруі себепті одақтастар баспа сөзінің өкілдері Румыниядағы, Болгариядағы, Венгриядағы және Финляндиядағы оқиғаларды дүние жүзіне білдіріп отыру жөнінде толық ерікті болатындығына сенеді.

Басқа мемлекеттерді Біріккен Ұлттар Ұйымына қатыстыру жөнінде Біріннен Ұлттардың Уставының 4-статьясында былай делінді:

«1. Осы Уставтағы міндеттемелерді қабылдайтын және ұйымның пінірінше, бұл міндеттемелерді орындай алатын, орындағысы келетін басқа бейбітшілік мемлекеттердің бәрі Біріннен Ұлттар Ұйымына мүше бола алады.

2. Қандай мемлекет болса да, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне хауіпсіздік Кеңесінің ұсынуы бойынша, Бас Ассамблеяның қаулысымен қабылданады».

Үш Үкімет өздеріне қатысы болғандықтан, соғыс кезінде бейтарап болған және жоғарыда көрсетілген шарттарды орындайтын мемлекеттердің өз мүшелігіне қабылдау туралы тілегін қолдайды.

Белдік елдердің қолдауы бойынша құрылып, өзінің шыңнан тегі, мінез-құлқы, өзінің әрекеті және шапқыншы мемлекеттермен тығыз байланыс жасауы себепті, мұндай мүшелікке хажетті сапасы жоқ Испанияның қазіргі үкіметінің мүшелікке алу туралы білдірген тілегін өздерінің қолдамайтындығын үш Үкімет түсіндіруге өздерін міндетті деп есептейді.

XI.

Қамқорлыққа алынған жер туралы

Қырым Конференциясында және Біріннен Ұлттардың Уставында көрсетілгендей қамқорлыққа алынған жер жөнінде Совет Үкіметінің ұсынысын конференция қарастырады.

Пікір алысқаннан кейін Италияның бұрынғы отарлы жері туралы мәселе Италия үшін бітім шартын әзірлеуге байланысты шешілуге тиіс мәселе болып саналады және Италияның отарлы жері туралы мәселені Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі септябрьде қарайтын болып ұйғарылды.

XII.

Одақтастардың Румыниядағы, Болгария мен Венгриядағы Бақылау Комиссияларының жұмысын қайта қарау туралы

Одақтастардың Румыниядағы, Болгария мен Венгриядағы Бақылау Комиссияларындағы совет өкілдерінің Біріннен Корольдік пен Құрама Штаттарындағы өздерінің қызметтеріне қазір Европада соғыс қымылдары тоқталған кезде Бақылау Комиссияларының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныс хабарлағандығын үш Үкімет атап көрсетті.

Үш Үкімет тиісті елдерге уақытша бітім шартын бірлесіп жариялап, негіз ретінде келісіп ұсыныс қабылдаған үш Үкіметтің мүддесі мен жауапкершілігін еске алса келіп, бұл елдерде Одақтастардың Бақылау Комиссияларының жұмысын

XIV.

Соғыс мәселелері туралы келіс сөздер

Конференция кезінде үш Үкімет штабтары бастықтарының жалпы мүддесін көздейтін соғыс мәселелері жөнінде кездесуі болып тұрды.

XV.

A. СОВЕТТЕР ОДАҒЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі

ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары

Флот Адмиралы

Қызыл Армия Бас Штабының Бастығы

Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары

Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары

Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары

Соғыс-Теңіз Бас Штабының Бастығы Адмирал

Советтер Одағының Ұлы Британиядағы Елшісі

Советтер Одағының Америка Құрама

Штаттарындағы Елшісі

Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Коллегия Мүшесі,

2-Европалық Бөлімінің Меңгерушісі

Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Коллегия Мүшесі,

АҚШ Бөлімінің Меңгерушісі

Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 1-Европалық

Бөлімінің Меңгерушісі

Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Балкан елдері

Бөлімінің Меңгерушісі

Советтер Одағының Германиядағы Соғыс Әкімшілік Орыны

Жоғарғы Бастығының Көмекшісі

Советтер Одағының Германиядағы Соғыс Әкімшілік Орыны

Саясаттық Бөлімінің Бастығы

Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Сарапшы-Кеңесшісі

B. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Президент

Мемлекеттік Секретарь

Флот Адмиралы

АҚШ Соғыс-Теңіз Флотының Штаб Бастығы

Арнаулы Елші

ССРОдағы Елші

Құрама Штаттары Армия Штабының Бастығы

Армия Генералы

АҚШ Соғыс-Теңіз Флотының Соғыс Бөлімінің Бастығы және АҚШ

Флотының Бас қолбасшысы Флот Адмиралы

АҚШ Әуе Күштерінен Армия Генералы

Армия Қызметінің Қолбасшысы Генерал-лейтенант

Соғыс-Теңіз Транспортының Бастығы Вице-адмирал

Мемлекеттік Секретарьдің Көмекшісі

Мемлекеттік Секретарьдің Көмекшісі

Мемлекеттік Секретарьдің арнаулы Көмекшісі

Мемлекеттік Департаменттің Европалық Бөлімінің Директоры

Секретарьдің Көмекшісі

Саяси, әскери және көмекші кеңесшілер

С. БІРІККЕН КОРОЛЬДІК ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Генералиссимус

И. В. СТАЛИН.

В. М. МОЛОТОВ.

Н. Г. КУЗНЕЦОВ.

А. И. АНТОНОВ.

А. Я. ВЫШИНСКИЙ.

С. И. НАВТАРАДЗЕ.

И. М. МАЙСКИЙ.

С. Г. КУЧЕРОВ.

Ф. Т. ГУСЕВ.

А. А. ГРОМЫКО.

И. В. НОВИКОВ.

С. К. ЦАРАПКИН.

С. П. КОЗЫРЕВ.

А. А. ЛАВРИЦЕВ.

М. З. САБУРОВ.

А. А. СОБОЛЕВ.

С. А. ГОЛУНСКИЙ.

Гарри С. ТРУМЭН.

Джекс Ф. БИРНС.

ВИЛЬЯМ Д. ЛЕГЕ.

ЭДВИН ПОУЛИ.

ДЖОЗЕФ Е. ДЭВИС.

В. АВЕРЕЛЛ ГАРРИМАН.

ДЖОРДЖ С. МАРШАЛЛ.

ЭРНСТ Д. КИНГ.

Г. Г. АРНОЛЬД.

БРЕГОН Б. СОМЕРВЕЛЛ.

ЭМОР С. ЛЕНД.

ВИЛЬЯМ Л. КЛЕЙТОН.

ДЖЕМС С. ДАНН.

БЕН КОТОН.

Г. ФРИМЕН МЭТЬЮС.

ЧАРЛЬЗ Е. БОЛЕН.

тәйяғандық сезіммен еске алдық. Бұл келісім Қырым конференциясы-
ларына сәйкес, үш Мемлекет таныған Польшаның Ұлт Бірлігі Уақытша
Үкіметінің құруға мүмкіншілік туғызды. Британия Үкіметінің және Құрама
Үкіметінің Польшаның Уақытша Үкіметі мен өкілдік қатынас жасауы
де олар Лондондағы бұрынғы Польша үкіметін танудан тоқталды, қазір
жоқ.

ма Штаттары мен Ұлы Британия Үкіметтері Польша мемлекетінің таныл-
ғаны есебінде, Польшаның Ұлт Бірлігі Уақытша Үкіметінің өз жеріндегі,
бақылауындағы, поляк мемлекетіне меншікті қандай да болса мүлкін
мүдделерін қорғау шараларын қолданды. Мұнан кейін олар мұндай
үшінші бір елдерге берілуіне жол бермеу шараларын қолданды. Польша
Үкіметінің Польша Үкіметіне және Польша мемлекетінің заңсыз алынған
мүлкінің болса да қалпына келтіру үшін дағдылы заңды шаралар қол-
лық мүмкіншілік берілді.

елдерде жүрген және Польшаға қайтқысы келетін барлық поляктарды,
қол Польшаның қарулы күштері мен сауда флотының адамдарын мүмкін-
із арада Польшаға қайтаруға жеңілдік келтіру ісінде үш Үкімет Польша
Үкіметінің Польша Үкіметіне көмең көрсетуді көздейді. Олар өліне қайт-
тарға Польшаның барлық азаматтарымен бірдей өздерінің мүлкіне ие-
разолары қайтарылуын күтеді.

шаның Ұлт Бірлігі Уақытша Үкіметі Қырым конференциясы қарарына
үмкіндігінше тез арада жалпыға бірдей, астыртын дауыс беру жолымен
авосы негізінде ерікті және ешқандай бөгет жасалмайтын сайлау өткі-
, бұл сайлауға демократияшыл партиялардың және нацистерге қар-
ялардың бәрі қатысуға және кандидаттар ұсынуға праволы болады,
р баспа сөзінің өкілдеріне сайлануға дейін, сайлау нәзіінде де оқыйға-
рысы туралы дүние жүзіне білдіріп, толық бостандықпен пайдалануға
еді деп мәлімдегенін үш Мемлекет еске алады.

ольшаның батыс шекарасы жөнінде мынадай келісім жасалды: Қырым
иясында Польша туралы жасалған келісімге сәйкес, үш Үкіметтің бас-
Польшаның солтүстік пен батыстан алуға тиісті жері жөнінде Польша
Бірлігі Уақытша Үкіметінің пікірін қарады. Өлкелік Халық Кеңесінің
лі және Польша Ұлт Бірлігі Уақытша Үкіметінің мүшелері конферен-
ылданды, олар өздерінің көзқарасын толық баяндады. Үш Үкіметтің
ы өздерінің Польшаның батыс шекарасына түпкілікті белгілеуді бітім
ияларына қалдыру керек деген пікірлерін сипаттады.

Үкіметтің басшылары, Польшаның батыс шекарасы біржөңата белгілен-
н Свинемюденің сол батыс жағында Балтық теңізінен басталып, бұл
жер өзені бойынан Батыс (Нейсе өзенінің құйылысына дейін және Батыс
йлап, Чехославания шекарасына жететін сызықтың шығыс жағында-
ғы Германия жерлері, оның ішінде Шығыс (Пруссияның Берлин конфе-
ры қарарына сәйкес Советтік Социалистік республикалар Одағының
а берілмеген бөлегі және бұрынғы ерікті Данциг қаласының жері Польша
етінің басқаруында болуға тиіс, ол жерлер Германиядағы совет өскен
н жердің бір бөлегі деп танылмауға тиіс деп келісті.

X.

шарттарын жасау және Біріккен Ұлттар Ұйымына қатыстыру туралы

ладағы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін неғұрлым тез арада баянды
ін жағдайын қарастыру жөніндегі жалпы саясат туралы конференция
мәлімдеме жасауға ұйғарды:

Үкімет бітім шарттарын жасап, Италияның, Болгарияның, Финляндия
рияның және Румынияның қазіргі тұрақсыз қалпын тоқтату қажет-
ы. Олар басқа Одақтас Үкіметтер өздерінің бұл көзқарасын қостайтын-
сенеді.

гарапынан үш Үкімет Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі қарайтын
әне маңызды міндеттер қатарына бірінші көзеттегі міндет есебінде, Ита-
бітім шартын даярлауды қосты. Италия бөлім мемлекеттерінің еңал
Германиямен анырасты, Германияны жеңуге зат жағынан көмең көр-
ір ол Жапонияға қарсы күресте одақтастармен бірігіп отыр. Италия

мен Венгрияда қалған неміс халқын толық немесе жартылай Германияға қайта
қоныстандыру ісі қолданылуға тиіс екендігін мойындайды. Олар халықты қайта
қоныстандырудың қандай болсын ұйымшылдықпен және әділетті жолмен өткізі-
луге тиіс деп келісті. Өйткені Германияға немістердің өте көп көлуі оккупация
лаушы өкімет орындарына түскен ауыртпалықты небойта түседі, олар Германия-
дағы Бақылау Кеңесі ең алдымен бұл міндетті жете біліп, бұл немістерді барлық
оккупациялау аймақтарына әділеттіпен бөлу мәселесіне назар аударуға тиіс
деп санайды. Олар Польшадан, Чехославаниядан және Венгриядан Германияға
аталған халықтың қанша келгендігін өз Үкіметтеріне мүмкіндігіне қарай тез мә-
лімдеу, уақыт және көшу шапшаңдығы жөнінде Германиядағы болып отырған
жағдайды еске ала отырып, халықты қайта қоныстандыру жұмысын бұдан бы-
лай қалай жүргізуге болатындығы туралы ұсыныс жасау жөнінде өздерінің Ба-
қылау Кеңесіндегі өкілдеріне нұсқау береді.

Дәл осы кезде Чехославания Үкіметіне, Польшаның Уақытша Үкіметі мен
Одақтастардың Венгриядағы Бақылау Комиссиясына жоғарыда айтылғандар жө-
нінде хабар беріледі және тиісті Үкіметтердің Бақылау Кеңесіндегі өз өкілдерінің
баяндамасын қарағанға дейін неміс халқын бұдан былай көшіруді тоқтата тұру
ұсынылады.

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

ПШЕН ШАБУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, облыс колхозда-
рында 5 августқа дейін 192921 гектар жердің пішені шабылып, жоспар 52,1
процент орындалды. Колхоздарда 4 июль күні 3685 гектар жердің пішені ша-
былды. Бұл күні Мамлют ауданының колхоздарында бірде-бір гектар жердің пі-
шені шабылмады.

Пішен шабу жұмысының барысында бұрынғыша Совет Ауданының колхоз-
дары алда келеді. Мұнда 15198 гектар жердің пішені шабылып, жоспар 69
процент орындалды. Пішен шабу жоспарын Ленин ауданының колхоздары 61,0,
Октябрь ауданының колхоздары 60,8, Преснов ауданының колхоздары 58,2 және
Приешім ауданының колхоздары 51,9 процент орындады. Бұл жұмыста әсіресе
Соколов, Коплюхов және Мамлют аудандарының колхоздары көшірісіз артта қал-
ып қойды. Бұларда жоспардың орындалуы 37-42 проценттен аздап ғана асты.
Соколов ауданының колхоздарында 4 июль күні небәрі 82 гектар ғана жердің
пішені шабылды.

ПШЕН МАЯЛАУ. Облыс колхоздарында шабылған жерден түскен өнім-
150140 тонна болды. Мұның 111720 тоннасы ғана маяға салынды. Сөйтіп, әлі
күнге дейін 138420 тонна пішен маялауға жатыр.

Шабылған пішенді маялау жұмысының барысында Приешім, Полудень, Мам-
лют аудандарының колхоздары алда келеді дегуге болады. Бірақ мұның өзін де
қамтитандарық дегуге сыймайды. Ал Булаев, Коплюхов, Октябрь, және Преснов
аудандарының колхоздарында шабылған пішеннің тең жартысы маяға салынған
жоқ. Мәселен, Булаев ауданының колхоздарында 7162 тонна пішен шабылса, мұ-
ның 3570 тоннасы ғана маяға салынды.

МАЛ ҚЫСТАУЛАРЫНА ИОП ТАСУ. Колхоздарда 34655 тонна мал азығы
қыстауларға тасылды. Бұл—көп жерлерде қыстауларға мал азығын тасу жұмы-
сы нәрменді өрістопілмей отыр, мал шаруашылығын өркендетудегі ең маңызды
мәселе* мал азығын мол дайындап, қыстауларға тасу жұмысына жете көңіл
бөлінбей келеді деген сөз. Мысалға, Соколов, Мамлют, Полудень және Коплюхов
аудандарының колхоздарын алатын болсақ, бұларда мал қыстауларына тасылған
пішен мөлшері 2 мың тоннаға да жетпейді.

ИОП СҮРЛЕУ. Облыс колхоздарында 25387 тонна мал азығы сүрленіп, жос-
пар 126,9 процент орындалды. Бұл жөніндегі жоспарды бүкіл облысымыз артық
орындағанмен Приешім, Октябрь және Булаев аудандарының колхоздары жоспар-
дың жартысында орындай алмай отыр. Ал, мал азығын сүрлеу жоспарын Соко-
лов, Преснов, Приешім, Полудень, Мамлют және Коплюхов аудандарының колхоз-
дары анағұрлым артық орындап шықты. Соколов ауданының колхоздарында 5110
тонна мал азығы сүрленді, тапсырма 340,6 процент орындалды.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Облысымызда жалпы алғанда колхоздарда 4497 гектар зябь
жыртылып, жоспарық орындалуы 2,6 процентке зорға жетті. 5 август күні 384
гектар зябь жыртылды. Бұл күні Ленин, Мамлют, Петропавл және Приешім ау-
дандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады.

Корольдің өкілдерінің басшысы сэр БАЛТЕР МОПТИОН
Британияның Германиядағы оккупациялау аймағы Бас сэр ВИЛЬЯМ СТЭНГ.
Қолбасшысының Саяси Кеңесшісі сэр ЭДВАРД БРИДЖЕС.
Министрлер Кабинетінің Секретарі сэр АЛАН БРУК.
Империялық Бас Штаптың Бастығы Фельдмаршал сэр ЧАРЛЬЗ ПОРТАЛ.
Авиация Штабының Бастығы Корольдің Әуе Күштерінің Маршалы сэр ЭНДРЮ КАННИНГЕМ.

1-Теңіз Лорды Флот Адмиралы сэр ХАСТИНГС ИСМЕЙ.
Отан Қорғау Министрі Штабының Бастығы Генерал сэр ГАРОЛЬД АЛЕКСАНДЕР.

Одақтастардың Орта Теңіз Соғыс Майданындағы Жоғарғы сэр ГЕНРИ МЕЙТЛАНД ВИЛЬСОН.
Қолбасшысы Фельдмаршал
Вашингтондағы Біріннен Штаптағы сэр ГАРРОЛЬД АЛЕКСАНДЕР.
Британия Миссиясының Басшысы Фельдмаршал

Және басқа кеңесшілер

И. СТАЛИН.
ГАРРИ ТРУМЭН.
К. Р. ЭТТЛИ.

ҮЛГІЛІ ӨЗІРЛІК

Совет ауданында қоғамдық мал ша-
руашылығына жылы қора, құнарлы азық
қорын жасау жұмысын үлгілі ұйымдасты-
рып отырған колхоздардың бірі—Мам-
бетов жолдас председателі болып істей-
тін «Кеңес» колхозы болып отыр. Бұл
колхозда 7 мал қорасының 5 қазіргі
өсімде мал қыстату маусымына толық
өзір болды. Енді колхоздың мал өсіруші-
лері қалған 2 мал қорасын жөндеу жұ-
мысына кірісті. Колхозда соңғы 20 күн-
де 326 гектар жердің пішені шабылып,
одаң 1900 центнер өнім далада маялап-
ды да, 550 центнер шөп мал қыстаула-
рына тасылды.

Мал азығын дайындау жұмыстарында
колхозшылар Қазақ ССР-нің 25 жылды-
ғы атындағы бүкілхалықтық социалистік
жарыс туын жоғары ұстап, еңбек өнім-
дігін күн сайап арттыруда, 65 жастағы
Ырысбек Базасов қарт шөп шабу жұмысы
на кіріскен күннен бастап күнсайын
4,5 гектар жердің пішенін шауып жүр.
Ол қазір 200 гектарға таяу жердің пі-
шенін шапты. Осы сияқты машинашы
Күенші Қаранасов жолдас та 150 гек-
тарда аса жердің пішенін шауып, үздік
табыстарға ие болды.

Мал азығын дайындау жұмыстарының
ойдағыдай жүргізілуінде пішеншілер бри-
гадасының бригадирі Омаров жолдасын

зор үлесі бар. Ол үнемі пішеншілер ара-
сында болады. Пішен жыйнау жұмысы-
ның әр саласында колхоздарға нақтылы
тапсырмалар беріп, оның сөзсіз орында-
луына жетіседі. Мұнымен қатар, Ома-
ров жолдас пішеншілер арасында еңбек
ұйымдастыру жұмысын жолға қойды, со-
циалистік жарыс пен үгіт-көпшілік жұ-
мысын өрістетті. Колхозшыларға Қазақ
ССР Халық Комиссарлары Советі мен
КК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ
ССР-ның колхоздарында шөп шабу және
шөп сүрлеу жұмыстарының барысы туралы»
қаулысын түсіндірді. Міне мұның
барлығы пішеншілер арасында жаңа жі-
гер туғызды, пішен жыйнау жұмысының
ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етті.

—Республикамыздың 25 жылдығы
атындағы социалистік жарысқа ұштас-
қанда,— дейді пішеншілер,—қоғамдық
мал шаруашылығына жылы қора, берік
құнарлы мал азығы қорын дайындауға
сөз беріп, мал шаруашылығының қыстан
күйлі шығуын қамтамасыз етеміз,—деген
өдік. Біз сертте тұрамыз. Колхозымыздың
социалистік мал шаруашылығына жылы
қора әзірлеп, оған мал азығын мол дай-
ындаймыз. Бұл біздің даңқты мерекеге
тартқан сыйымыз болмақ.

С. ҚАРЫМСақов.

ЗАКАРПАТ УКРАИНАСЫНДА ЖАЛПЫ МІНДЕТТІ ОҚУ

Закарпат Украинаның Халық Кеңесі
Закарпатияның халық ағарту жұмысын-
да реформа жасау туралы декрет шығар-
ды. Закарпат Украинасына қараған жер-
дің бәрінде мектеп жасындағы барлық
балалар үшін 7 жылдық міндетті оқу өт-

кізіледі. 1945—46 оқу жылында Закар-
пат Украинасында 463 бастауып мек-
теп, 163 орталау мектеп және 15 орта
мектеп болады. (ТАСС).

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.